

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Құттықтаймыз!

Тәрбие - білім негізі



2017 жылдың қаңтар айының 30, 31 және 1 ақпан күндері №154 Қазақ – түрік есеп экономикалық колледжінде өткен кіші футболдан 1999-2000 жылы туылған колледж студенттері арасындағы облыстық турнирге колледжіміздің футбол құрама командасы ІІІ орын иеленіп келді.

2017 жылдың 17 қаңтар күні құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында «Қалта ұрлығына жол бермей!» акциясы аясында колледж директорының тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының меңгерушісі Р.Б. Усенов пен Тараз қалалық ІІБ ЖПҚ аға инспекторы, полиция майоры Б.А. Альмухамедов колледж студенттерінің ұялы телефондарының ІМЕІ кодтарын тексеріп, бірқатар жұмыстар атқарды.



16.12.2016 жылы Тәуелсіздік мерекесіне байланысты колледж оқытушылары Қ.Рысқұлбеков саябағындағы ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.



26.01.2017 ж. Жамбыл медициналық колледжінің құқық бұзушылықты алдын алу комиссиясының мүшелері колледж студенттеріне бағалы смартфондар, айфондар, ұялы телефондарды оқу орнына алып келуге болмайтыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді



12.01.2017 жылы Колледж оқытушылары мен студенттері қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың туылғанына 105 жыл толуына орай ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты.

21.12.2016 ж. Тараз студенттері Альянсының ұйымдастыруымен «Алтын дауыс-2016» байқауының кастингі өткізіліп, Колледжімізден А.Орынбасар, С.Серикова, С.Түменбек, Н.Қыдырәлиева, А.Сейдуалиева қатысып, 2 үміткер: А.Орынбасар және С.Серикова жолдама алып, 29.12.2016 ж. «Алтын дауыс-2016» ән байқауында ІІІ орынды А.Орынбасар иеленсе, алғыс хатпен С.Серикова марапатталды.




21.12.2016 ж. «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының Жамбыл медициналық колледжінің белсенділерінің ұйымдастыруымен «Біз нашакорлыққа қарсымыз!» атты Тараз қаласының көшелерінде акция өткізілді



28.01.2016 ж. XXVIII Бүкіләлемдік қысқы Универсиада ойындарының алау жағу рәсімі Тараз қаласында Көне Тараз археологиялық мәдени орталығында бастауын алды. Алауды облыс әкімі К.Н.Көкірекбаев жақты. «Алау эстафетасы» шарасына Жамбыл медициналық колледжінің оқытушылары мен ерікті жастары қатысып тарихи шараға өз үлестерін қосты.


25.12.2016 ж. Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы және «Қазақстан студенттерінің Альянсы» Республикалық студенттік қозғалысының Жамбыл медициналық колледжінің көшбасшысы Е.Қыпшақбаевтың ұйымдастыруымен «Алтын шатыр» мейрамханасында «Қош келдің жаңа жыл!» атты студенттік балмаскарадты ашылу салтанатын Жамбыл медициналық колледжінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Куанышбекова студенттерді жаңа жылмен құттықтады



27.01.2017 ж. Елбасы, партия төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Жас Отан» Жастар қанатының ІІІ съезінде «Жас Отан- ҚР аумағындағы барлық ЖОО және ОАОО оқу орындарында жұмыс жасауы қажет!» тапсырмасына сәйкес, «Жас Отан» Жастар қанатының жұмысын жандандыру мақсатында Жамбыл медициналық колледжінде бөлімше ашу және бөлімше жетекшілерін сайлау бағытында Тараз қалалық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының төрағасы Б.Далабаев студенттермен кездесу өткізіп, колледждің бөлімше жетекшісі ІІІ топ студенті Е.Қыпшақбаевты тағайындады.



22.01.2016 ж. Шу жайдарман лигасының ұйымдастыруымен өткен «Маусымашар-2017» фестивалінің қорытындысы бойынша «Мед жастары» командасы 1/2 ширек финалға жолдама алды. Студенттер кәсіподақ ұйымы қаржылай демеушілік жасады



Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.



Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

№5 6 ақпан 2016 жыл дүйсенбі

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Жаңа 2017 жыл құтты болсын!



Халықаралық конференция

21.12.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінің «Б» корпусында Қазақстан Республикасының денсаулық сапасын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында, сонымен қатар студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын белсендіру мақсатында on-line тәртібінде «Тұрғындар-денсаулығын нығайту-мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму факторы» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция өтті. Конференцияда ТМД елдерінің медициналық колледждері қатысты. Атап өтетін болсақ Ресей федерациясынан (Омск қаласы), Қырғызстан Республикасынан (Бішкек қаласы), Азербайджаннан (Баку қаласы), сонымен қатар Қазақстан Республикасынан 10 медициналық колледж.



Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кеңесі

12.01.2017 ж. Жамбыл медициналық колледжінде денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кеңесі өтті. Қатысқандар:
1. Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары М.С.Жұманқұлов
2. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекова.
3. Оқытушылар мен қызметкерлер.
Күн тәртібінде:
1) Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кеңесі.
2) Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекованың 2016 жыл бойынша атқарылған іс-шаралар есебі.
3) Әр түрлі мәселелер.



Педагогикалық оқулар

26.01.2017 ж. Күн тәртібінде:
1. Қазақстан президенті Н.Назарбаевтың Конституцияға өзгерістер енгізу арқылы елімізде басқару жүйесіне өзгерістер енгізу қажеттігіне байланысты үндеуі.
2. Құзиреттілік әдіс шеңберінде оқу, оқыту және бағалау әдістерін әзірлеу. (Жауапты: оқытушы Айдрәлиева Ә.Б.)
3. Курс повышения квалификации "Преподаватель коммуникативных навыков" в рамках Дорожной карты проекта МЗиСР РК "Модернизация медицинского образования" на 2016-2019 гг. (Жауапты: оқытушы Ералиев М.Л.)
4. «Шұғыл жағдайларда жедел көмек көрсету» - жүрек-өкпе реанимациясы, талма кезінде жедел көмек көрсету.
4.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті төрағасының №111 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы медицина ұйымдары қызметкерлерінің қолын өңдеу әдістемелік кеңестері» (Жауаптылар: Бибосынова С.Г., Қудебаева Э. Ж., Ержанов Б.Т.)

Бүгінгі нөмерде:

- Халықаралық конференция
- Денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық кеңесі
- Педагогикалық оқулар
- Әдістемелік кеңес
- Ашық сабақтар
- Қазақстан тарихы пәнінен Мемлекеттік емтихан
- Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығындағы іс-шаралар
- Ата-аналар жиналысы
- Қысқы спартакиада
- Жаңа жылдық шырша
- Құттықтаймыз!
- Тәрбие-білім негізі
- «Қазақстан студенттерінің Альянсы»

Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті

Әдістемелік кеңес

25.01.2017 ж. Күн тәртібінде:

1. Барлық мамандықтар бойынша күндізгі және кешкі оқу бөлімдері түлектерінің қызметпен қамтамасыз етілу сараптамасы. (Жауапты: жастардың кәсіптік білім алуына кәсіби бағдар беру және түлектерді жұмысқа орналастыру комиссиясының маманы Қалдыбекова Ж.С.)
2. І-ші жартыжылдық қорытындысы бойынша дифференциалды сынақтар мен емтихандардың ұйымдастырылуы және өткізілу сапасы. (Жауапты: білім сапасын тексеру комиссиясының төрайымы Шужеева Ж.Л.)
3. Оқытушылардың басылымға берген әдістемелік жұмыстары туралы. («Тағылым», «Эверо», «ИП Бейсенбекова»). (Жауапты: әдістемелік кабинет)



Ашық сабақтар



24.12.2016 ж.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты «Құқық негіздері» пәнінен Е.К.Самратбаев «Қазақстан Республикасының соты және сот төрелігі» тақырыбында «Емдеу ісі» бөлімінің 213 топпен ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Студенттерге ҚР сот төрелігі және сот жүйесі билігі, сот процесінің шешімдері, судьялар мәртебесі туралы маңызды мәліметтерді түсіндіру. Құқықтық білім әр азаматқа керек екенін ұғындыру. Студенттердің ойлау, сөйлеу қабілеттерін шыңдау, пәнге деген қызығушылығын арттыру, өз ойларын нақты жеткізу және шығармашылық ізденіске бағыттау, құқықтық сауаттылығын молайтып, өз пікірлерін ашық айтуға үйрету және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.

29.12.2016 ж.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты «Қазақстан тарихы» пәнінен Г.О.Шалғынбаева «XV III ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімінің топ студенттерімен ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: XV III ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанның жаңа заманға аяқ басыуы: теориялық аспектілер мен проблемалары, кезеңдері және ішкі саяси әлеуметтік экономикалық жағдайлары. Қазақстанға жоңғарлардың шабуылы «Ақтабан шұбырынды», қазақ-жоңғар қатынастары, жоңғарларға қарсы халықты басқарған қолбасшылар, Бұланты және Аңырақай шайқастары, қазақ-жоңғар әскерінің халықтың ауызша тарихында орын алуы туралы ақпарат беру. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.



30.12.2016 ж.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты «Қазақстан тарихы» пәнінен А.С. Байбосынова «Қазақстандағы отарлау дәуірінің басталуы» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімінің 101 топпен ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: Қазақстанның Ресейге қосылу барысындағы қарама қайшылықтар мен қиындықтарды түсіндіру, қазақ-жоңғар қатынасы. Қазақстан мен Жоңғария Ресей мен Қытайдың сыртқы саясаты, XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы, Абылай ханның мемлекет басшысы, қолбасшысы, дипломат болғаны жайында түсінік бере отырып тарихи ақпаратты жеткізу, деректерді ашу арқылы студенттерге толық мағұлмат беру. Студенттердің танымдық, білімділік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөздік қорын, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, өткенді еске түсіре отырып, болашаққа бағдар беруге баулу. Ашық сабақ өз мақсатына жетіп, жақсы деңгейде өтті.

Қазақстан тарихы пәнінен Мемлекеттік емтихан

«Мейіргер ісі» кешкі бөлімінің 3 курс 31, 32, 33 топтары Қазақстан тарихы пәнінен Мемлекеттік емтихан тапсырды. Емтихан тест түрінде алынып, «Мейіргер ісі» кешкі бөлім меңгерушісі С.С. Турғымбекованың қадағалауымен өтті. Емтихан алушылар: 31 топ - тарих пәнінің оқытушысы М.К.Жакипова, 32 топ - тарих пәнінің оқытушысы А.К.Данебаева, 33 топ – тарих пәнінің Ш.Е.Ашимова. Емтихан нәтижелері: 31 топтың (кураторы А.М.Надиров) оқу сапасы : 96,2%; оқу үлгерімі: 100%; орта балы: 4%. 32 топтың (кураторы Ж.Ж.Айдабосынова) оқу сапасы: 78,5%; оқу үлгерімі: 96,4%; орта балы: 3,8%. 33 топ (кураторы Ә.М.Ниязқұлов) оқу сапасы: 92%; оқу үлгерімі: 100; орта балы: 4,1%.

Біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау, симуляциялық оқыту орталығындағы іс-шаралар



16.01.2017.-28.01.2017 жылы ақылы негізде, орыс тілде «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша «Дәрі егу кабинетіндегі мейіргер қызметінің өзекті аспектілері», «Психиатриядағы мейіргер ісі» атты циклдар өткізілді.



Колледж тынысы

Жамбыл медициналық колледжінің айлық ақпараттық газеті



2017 жылдың 6 қаңтарында симуляциялық орталықтың тренер - оқытушылары клиникалық пәндер оқытушыларына симуляциялық орталықтың станцияларында дәріс беріп тәжірибелік мастер-класс өткізді.



2017 жылдың 10 қаңтарында Кокшетау жоғары медициналық колледжінің online режиміндегі "Компетентностный подход в обучении специалистов сестринского дела на примере проведения симуляционной сессии "Алгоритм оказания помощи при анафилактическом шоке" тақырыбындағы мастер-класс өтті.

29.12.2016ж. Директордың оқу - өндірістік орынбасары Қ.Т. Андақұлова, «Жүректен жүреке» еріктілер тобының жетекшісі Ж.А. Токташева, мейіргер ісі пәні оқытушысы О.А. Махамбетованың қатысуымен психоневрологиялық балалар интернат үйінде жаңа жыл қарсаңында қайырымдылық акциясын және концерттік бағдарлама өтті.



Қ.Р Ішкі істер министрлігі Жамбыл облысы Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру (алғашқы медициналық көмек көрсету) мақсатында Жамбыл медициналық колледжінің клиникалық пәндер оқытушылары 2016 жылдың 26-27 желтоқсанында практикалық сабақтарын жүргізді.



Ата-аналар жиналысы



229 топ студенттері мейіргер ісі пәнінің оқытушысы Махамбетова О.А. басқаруымен Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық мүгедектерді оңалту және бейімдеу орталығында Жаңа жылды қарсы алу мерекесін өткізуге атсалысты.



14.12.2016 ж. Колледжде ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысқа Жамбыл медициналық колледжінің оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова, полиция майоры Альмухамедов Б.А., полиция майоры Ш.Юсупова, тәрбие, құқық бұзушылықтың алдын-алу

жұмысының меңгерушісі Р.Б.Үсенов, бөлім меңгерушілер мен топ кураторлар қатысып, колледждің ішкі тәртібі, ережесі, оқу жүйесі, ата-аналардың, кәмелетке толмағандардың құқықтары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қысқы спартакиада

18.01.2017ж. Жалпы білім беру және ізгілендіру пәндер ЦӘК мүшелері және колледждің кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Қ.Р Алматы қаласында өтетін XXVIII Дүниежүзілік қысқы Универсиадасын қолдау мақсатында Жамбыл медициналық колледжінің оқытушылары және қызметкерлері арасында «Қысқы спартакиада» өтті.

Жарыстың мақсаты мен міндеттері:
1.Қ. Р. Президенті Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген міндеттерді қолдау және жүзеге асыру.
2.Елімізде өтіп жатқан ауқымды спорттық іс-шараларды қолдау.
3.Еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту.
4.Колледж оқытушылары және қызметкерлерінің спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Жарыста Жапарқұлова Ф.Қ «Емдеу ісі» бөлімі, «Жүз жасайық» командасы бас жүлдеге ие болды. Мырзағұлова Ж.Б. «Мейіргер ісі» бөлімі, «Қыран» командасы және Мадидраимова А.М «Емдеу ісі» бөлімі, «Сұңқар» командасы ІІ орын иеленді. Қалымбетова Ж.Б. «Мейіргер ісі» бөлімі, «Барыс» командасы және Мадимарова Б.С. «Емдеу ісі» бөлімі, «Сұңғат» командасы ІІІ-орын иеленді.

Жаңа жылдық шырша

27.12.2016 ж. Жамбыл медициналық колледжінде рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыру бағытындағы «Ертегілер елі» тақырыбында №2 ЦӘК жалпы білім беру және жаратылыстану бағытындағы пән оқытушылары жаңа-жылдық іс-шара өткізді.

Мақсаты: Балаларға жылдың төрт мезгілі, Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беріп, балалардың тапқыты мәнгерлеп оқуы, әнмен биді нақышына келтіріп орындау қабілеттерін арттыру және әсемдікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жаңа жыл туралы тапқытарды айтқыза отырып, олардың өткен жыл мен келер жыл туралы білімдерін тиянақтау. Жаңа жылдық мерекеден балалар ерекше әсер алып, көңілденіп тарқасты. Мерекелік іс-шара өз мақсатына жетті.

